**Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Кирдищев атындағы жалпы орта білім мектебі» КММ
**Мектепалды дайындық тобы**
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі: 1-апта 02-06 қыркүйек 2024-2025 оқу жылы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 02.09 | Сейсенбі 03.09 | Сәрсенбі 04.09 | Бейсенбі 05.09 | Жұма 06.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімеоны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатысады.<br>**«Күй күмбірі» :«Көңіл толқыны** «авторы :Секен Тұрысбеков<br>**Мақсаты:**балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру<br>қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру **(Біртұтас тәрбие)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесебаланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер.<br>**Қауіпсіздік ережесі:** Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері .<br>**Мақсаты:** Балалардың мектепке бейімделуіне ата-аналардың жағдай жасауын, сөйлесуін,әңгімелесуін ұйымдастыру | | | | |
| | 1 қыркүйек - Білім күні<br>«Мектеп - жайлы мекен»<br>Мектепке экскурсия өткізу<br>**(Біртұтас тәрбие)** | **«Сиқырлы таяқшалар» ойыны**<br>Мақсаты:санау таяқшаларынан суреттегі түрлі заттарды құрастыру<br>**(математика негіздері – танымдық және коммуникативтік қызмет)** | **«Дидактикалық ойын «Мен кіммін?»**<br>**Мақсаты:** қарапайым тұжырымдар жасау қабілетін дамыту.<br>Шарлармен ойнау<br>**(әлеуметтік қызмет дағдылары)** | **«Тілім менің тірегім»**<br>Мәнерлеп оқуға баулу кітаптарды қарау<br>**(Біртұтас тәрбие)** | **«Сиқырлы фломастер»** еркін сурет салу.<br>**(сурет салу-шығармашылық қызмет)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **№ 1 Таңғы жаттығу кешені**<br>Бір қатармен жүру.Жүру түрлері: ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол иықта; жартлай отырып жүру; толық отырып жүру. Жеңіл жүгіру. Шеңберге тұру.<br>Б.қ. – н.т., қол төмен | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.Қол жан-жақтан көтеріп, шапалақтау.2.Б.қ.3.Қол жан-жақтан көтеріп, шапалақтау 4.Б.қ (5-6 рет)<br>Б.қ. – н.т., қол белде<br>1.Оң жаққа бір адым, қол шапалақтау.2.Б.қ.3.Сол жаққа бір адым, қол шапалақтау.4.Б.қ<br>Б.қ. – н.т., қол белде<br>1.Отыру тізені құшақтау.2.Б.қ.3. Отыру тізені құшақтау.4.Б.қ. (5-6 рет)<br>Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, қол белде<br>1.Алдына еңкейю, қол жоғары.2.Б.қ.3.Алдына еңкейю, қол жоғары.4.Б.қ. (5-6 рет)<br>Б.қ. – н.т., қол төмен<br>1-4 аяқты кең ашып секіру, шапалақтау (6 рет)<br>Жүгіру. Бір қатармен жүру.<br>Тыныс алу жаттығу «Сорғыш» - аяқтарын қосып, тік тұрып қолдарын кеуде тұсында ұстау; демін ішке жұтып, сосын кеудесімен жанына қарай еңкею; демін сыртқа шығару, дауыстап (ССССС) деп дыбыс шығарып, қолдарын жылжыту; тік тұрып демін ішке жұтып, екінші жағына дыбыс шығарып еңкейеді(3 - 4 рет). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Біртұтас тәрбие:**<br>**Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**<br>**Апта дәйексөзі**: Еңбек етсең ерінбей,тояды қарның тіленбей (мақал-мәтел) | | | | |
| | **ҚР Мемлекеттік Гимн**<br>**Жылулық сәті:**<br>Апам мені «Айым»-дейді,<br>Мен мұнайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім - дейді. | **Жылулық сәті:**<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер<br>**(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет)** | «Жұпты тап»<br>Мақсаты: балаларға заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыруға үйрету<br>**(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)** | **«Көңіл-күйіңізді айтыңыз» жаттығуы**<br>Мақсаты: сіздің көңіл-күйіңізді және басқа балалардың көңіл-күйін түсінуге үйрету.<br>**(әлеуметтік қызмет дағдылары)** | **Артикуляциялық гимнастика**<br>«Күлімсіреу», «Тұмсық»<br>Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, ерінді күлімсіреп, алға қарай созу.<br>**(коммуникативтік, танымдық қызмет)** |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Алғашқы күн**<br>**Мақсаты:**Балаларға өз ойын жүйелі түрде айта білуге үйрету арқылы зейінін дамыту.<br>**Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылу және дауысталуы ұқсас дауыссыз б –п,г –ғ,к-қ,ж-щ,з-с,н-ң,дыбыстарын дұрыс анық айтуға үйрету | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Дыбыс**<br>**Мақсаты:** Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру, дыбыс туралы түсінік беру. Көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету | **1.Математика негіздері**<br>**Қағаз бетінде бағдарлау**<br>**Мақсаты:** балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау, сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу<br>**Міндеті:**Берілген бағытта,оны белгі бойынша өзгерте отырып, | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Мектеп ауласында**<br>**Мақсаты:Мектеппен таныса отырып,** ана тіліндегі дауысты және айтылу және дауысталуын айтуға үйрету<br>**Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылу және дауысталуы ұқсасдауыссыз б –п,г –ғ,к-қ,ж-щ,з-с,н- | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Қыстап қалатын құстар және жылқұстары<br>**Мақсаты:** Қыстап қалатын құстар және жыл құстарын ажырату арқылы құстардың тіршілігімен таныстыру<br>**Міндеті:** Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Жұмбақ шешу**<br>Балалар мектеп құралдарына байланысты жұмбақтарлы шешеді.<br>**2.Д/О «Кім алғыр»**<br>**Мақсаты:** заттардың бірінші дыбыстарды анықтау<br>Әңгімелеу<br>**Мектептегі алғашқы күн**<br>**Мақсаты:** Әңгімені тыдай отырып сұрақтарға жауап беру<br>Күтілетін нәтиже: Жұмбақтарды шешеді.дыбыстарлың орнын табады<br>**<u>2.Математика негіздері</u>**<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>**Мақсаты:** сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын үйрету; қозғалысты бағыттау:<br>**Міндеті:**кеңістік туралы түсініктерді бекіту, заттың кеңістікте орналасуы (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде)<br>**Д/О:«Қайда барасың, нені табасың?»**<br>**Ойын мақсаты:** заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді | **Міндеті:**<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу<br>Дыбыс туралы ұғымдарын қалыптастыру<br>**Ойын«Ненің дыбысы?»**<br>**Мақсаты:** естіліп тұрған дыбыстарды,.<br>ненің дыбыстарын естігендерін айту<br>**Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?»**<br>**Мақсаты:** Балалар сол жануардың дауысын табады<br>**Айналасындағы** дыбыстарды ажырату<br>**<u>2.Қоршаған ортамен таныстыру</u>**<br>Жыл мезгілдері: жаз,күз. Белгілері<br>**Мақсаты:** Жаз және күз мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралыбілім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту<br>**Міндеті:** Табиғатпен таныстыру барысында | бағдарлауын қалыптастыру<br>**Д/о«Ойыншық қай жерде?»**<br>**Мақсаты:** Балалар суреттерді орналастыру. заттардың атауын айту, оның орналасқан жерін атауға үйрету.<br>**Д/ ойын: «Нұсқамамен ажырат»**<br>**Мақсаты:**Жапырақтың түстерін,орналасқан бағытын нұсқама арқылы ажырату<br>**Күтілетін нәтиже:** заттарың орналасуын белгілеу,білуіажырату<br>**<u>2.Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Дыбыс пен сөз**<br>**Мақсаты:** Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру.<br>**Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу<br>Дыбыс туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**Д/о «Бірінші дыбысты қайтала»**<br>**Мақсаты:** дыбыстарды қайталау,дыбысты есіту<br>**<u>3.Көркем әдебиет</u>**<br>**Бәрі де бар бақшада**<br>**Мақсаты:** Өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру.<br>Балабақшада бір-бірімен тату | ң,дыбыстарын дұрысанық айтуға үйрету<br>**Ойын: «Сұрақ-жауап»** (доп арқылы)<br>Мақсаты:Балаларды дыбыстарды дұрыс ауты бойынша бақылау<br>**«Кім алғыр» дид ойыны**<br>Мақсаты;суретерге қарап,мектеп,қоңырау,са бақ,мұғалім,ағаш,балалар ,спорт алаңы сөздерін қатыстырып сөйлем құрату<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыланады<br>**<u>2.Математика негіздері</u>**<br>**Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау**<br>**Мақсаты:** балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау<br>**Міндеті:**Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>**Дидактикалық ойын «Серуендегі гномдар»**<br>**Мақсаты.:** суретте аланда гномдар үлкен гномды алаңның оңға, солға, жоғары немесе төмен орналастыру.<br>**«Әжеге заттарды үйден табуға көмектес»** | білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.<br>**Педагог түсіндіруі**:<br>**Д/о:«Қай құс ұшып кетті?»**<br>Мақсаты: құстардың атауын атау.<br>**Ойын: «Құстарды қоректендіреміз» ойыны**<br>**Мақсаты:** Құстарға қамқор болуға баулу<br>Суреттерден құстардың қорегін табу,атау<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Құстардың пайдасы туралы біледі<br>**<u>2.Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Сөз**<br>**Мақсаты:** Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру.<br>**Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу .<br>**Д/О «Берілген дыбысқа сөз ойла»**<br>**Мақсаты:**<br>Дыбысты есту, басталатын сөздерді айту<br>**Сюжетті суретпен жұмыс**: |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | (іші, үсті, арты, асты және т.б.)<br>**Дидактикалық ойын. «Қайда қандай көлік тұр?»**<br>**Мақсаты**:көліктердің орнын анытай отырып,кеңістікті бағдарлауды үйрету<br>**Күтілетін нәтиже:** қозғалысты бағыттау: сол жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағыттарын біледі.<br>**3.Қазақ тілі**<br>**Кел,танысайық!**<br>**Мақсаты:** Балаларды амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен таныстыру; үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге дағдыландыру.<br>**Міндеті:** Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,<br>**Д/о: « Менің есімім»**<br>**Мақсаты:**әр бала өз есімін айтып,өздерін таныстыра білу<br>**Д/о: «Бірінші дыбысты тап»**<br>**Мақсаты** :бірінші дыбысты дұрыс айтуды үйрету<br>**Күтілетін нәтиже:** бір-бірімен таныса отырып,диалог құру | заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>Ойын: «**Жұмбақтарды шеш»**<br>**Мақсаты**:қыс, көктем, жаз және күзекенін тапқызады және әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін естеріне түсіру<br>**Топтық ойын** :«**Жаз және күз мезгілдері»**<br>Мақсаты:мезгілдердің пазлдарын құрастыру,шапшаңдыққа үйрету<br>**Д/о «Мезгілдерді ажырат»**<br>Мақсаты: Жыл мезгіліне байланысты ауа райы құбылыстарын, табиғаттағы өзгерістерді атау<br>**Күтілетін нәтиже:** Жаз,күз мезгілдерінің ерекшеліктерін біледі<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Білімің – бұлағың**<br>**Мақсаты:** Білім туралы | болуға тәрбиелеу.<br>**Міндеті:**Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету,олардың мазмұнын түсіндіру,шығарма кейіпкерінің іс –әрекетін бағалау.<br>**Д/ойын «Қарап алда есіңе сақта.»**<br>**Мақсаты:**балаларды көрген суреттерді есіне сақтап,көз алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап,оқу құралдарына ұқыпты болуға тәрбиелеу<br>**Ойын «Қайтала,жатта» өлеңді оқу**<br>**«Бәрі де бар бақшада» өлеңі**<br>*(Өтепберген Ақыпбеков)*<br>**Мақсаты:** балалардың есте сақта қабілеттерін дамыту<br>**Топтық ойын: «Жаңылтпаштан жаңылмаймын»**<br>**Мақсаты:**топтық жасрыс арқылы жаңылтпашқа қызығушылығын арттыру<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>**Мақсаты:**Балалардың дене шынықтыруға деген ынтасын қалыптастыру<br>**Міндеті:**<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Адамағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.Балалардың назарын | **Мақсаты:**Кеңістікті бағдарлай білуді үйрету Сурет бойынша әжеге оң жақтағы,сол жақтағы,жоғары-төмендегі заттарды табу арқылы кеңістікті бағдарлау<br>**Күтілетін нәтиже:**Қағаз парағын бағдарлай алады.<br>**3.Қазақ тілі**<br>**Отаным - Қазақстан**<br>**Мақсаты:** Балалардың ұғымындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері, отан туралы түсініктерін кеңейту, Қазақстан табиғатының байлықтарын насихаттау;<br>**Міндеті:** Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру<br>**Бейнеролик көрсету.**<br>Педагог Қазақстанның негізгі нышандары көрсетілген Қазақстан туралы бейнероликті көрсетеді.<br>**Тақпақ жаттау «Менің елім»**<br>**Д/ ойын «Кім тапқыр ойыны».**<br>**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының рәміздерін таныстыру<br>**4.Музыка** | Мақсаты. Суретке қарап ,балалар не істеп жатқанын әңгімелеу<br>**Күтілетін нәтиже:**Сөздің мағынасын біледі.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Спортзалда ойнаймыз.**<br>**Мақсаты:**Балаларға жүру түрлерін түсіндіру.Өкшенің ұшымен жүруді үйрету.<br>**Міндеті:**<br>Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бірқырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып,әртүрліқарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап,қозғалыс бағытын өзгертіп,шашырап жүру;заттардың,кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.<br>**Ұлттық ойын (Ұлттық құндылық)**<br>**«Тақия тастамақ»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру**<br>**Спортзал**<br>**Мақсаты:**Балаларды спорт залмен таныстырып,спортқа деген қызығушылығын арттыру<br>**Міндеті:** Сапқа тұру ,сап түзеу,сапқа қайта тұру,сапқа бір,екі,үш қатармен тұру,бір – бірінің жанына және бір – бірінің артына тұру. Аяқтың ұшымен жүру,тізені жоғары көтеріп жүрузаттардан аттап жүру<br>**Қимылды ойын:**<br>**Өз орныңды тап**<br>**Мақсаты:**<br>Саптағы орнын табу.<br>**Д/О: Спорттық жабдықтар**<br>**Мақсаты**: спорттық жабдықтармен таныстыру; балаларға спорттық құрал-жабдықтарды танып, атауға, оның мақсатын анықтауға үйрету;<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Сапқа тұру дағдыларын қалыптастыру | түсінігін кеңейту.<br>тілдік ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу.<br>**Міндеті:**Балаларды қол жетімді көркем шығармалармен фольклорға,театр әлеміне баулу,кітапқа деген қызығушылығын дамыту<br>**Дидактикалық ойын «Алтын сандық»**<br>Мақсаты:баланың зейінін дамыту, оқу құралдары мен ойыншықтарды атау, ажырату.<br>**Мнемокесте арқылы өлеңді жаттау.**<br>**Ақылбек Шаяхметовтің «Білімің – бұлағың»**<br>**Мақсаты:**Мәнерлеп оқуға баулу<br>**4.Музыка**<br>**Балабақша**<br>**Мақсаты:** Балаларды амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен таныстыру;<br>**Міндеті:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>**Әуенді ырғақты қимылды ойын: «Асатаяқ қағамыз»**<br>**Мақсаты**: Балаларды ұлттық аспаптармен | ағзасымен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.<br>Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс Тамақтану,қимылдар,ұйқы және күн,ауамен су және денсаулыққа зиянкелтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту<br>**Ойын: «Менің денем»**<br>**Мақсаты:**дене мүшелерін атай отырып оларға қанда й күтім жасау керек екені туралы білу<br>**Видеролик қарау:**<br>«Денсаулыққа не пайдалы»<br>**Мақсаты:**<br>Тамақтану,қимылдар,ұйқы және күн,ауамен су және денсаулыққа зиянкелтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту | **Балабақша**<br>**Мақсаты:** Балаларды амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен таныстыру;<br>**Міндеті:**Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>**Әуенді ырғақты қимылды ойын: «Көңілді музыкалық тапсырмалар**»<br>**Мақсаты:** Балалардың жылдамдығын, ұқыптылығын, аңғарымпаздығын арттыру.<br>**Әуенді ырғақты қимылды ойын: «Айгөлек»**<br>**Мақсаты**:. Топпен ән салу дағдыларын жетілдіру .Қимыл – қозғалыс белсенділігін арттыру. | **Шарты:**<br>Шапшаңдыққа,тез жүгіруге,зейінді болуға үйрету<br>**Эстафеталық ойын**<br>**Мақсаты:** әртүрлі жүру түрлерімен дұрыс жүруге дағдыландыру<br>**4.Шығармашылық (**сурет,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру)<br>**Көшедегі үйлер**<br>**Мақсаты:**Сәулет өнері туралы түсінік беру,геометриялық пішіндер үйлестіре отырып,үйдің бөлшектерін салуды,ермек сазбен жасауды,жапсыруды құрастыруды үйрету<br>**Сурет салу**<br>**Міндеті:**<br>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру<br>**Мүсіндеу:**<br>**Міндеті:**Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.<br>**Жапсыру:**<br>**Міндеті:** Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | таныстырып асатаяқ аспабымен ойнату<br>**Әуенді ырғақты қимылды ойын: «Үлкен кіші қоңыраулар»**<br>**Мақсаты:** Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырата алуға,мұқият тыңдауға үйрету.жеке жұмыс жасау машықтарын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Музыкаға қызығушылығы мен сүйіспеншілігі артты | | | тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу<br>**Құрастыру:**<br>**Міндеті:**Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.<br>**Мақсаты:**көшедегі түрлі үйлердің айырмашылығы мен ұқсастығын ажырата білу<br>Көшеден көрген түрлі үйлер туралы айтады<br>Шағын топтарға бөлініп топтық жұмыс жасайды |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуендеу** | **Серуен №1**<br>**Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау**<br>**(экологиялық тәрбие беру)**<br>**Мақсаты:**<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;<br>әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Ақ киімді біреуі,<br>Сары киімді біреуі,<br>Көк киімді біреуі,<br>Әлем, жәлем киімі,<br>Тағы бірі жүреді.<br>(жылдың төрт мезгілі)<br>Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)<br>Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу)<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға | **Серуен №2**<br>**Күздің алғашқы белгілерін бақылау**<br>**(экологиялық тәрбие беру)**<br>**Мақсаты:**<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Қыркүйек»** Ғ. Өкеев<br>Бір-біріне жер, аспан,<br>Мейірлене қарасқан.<br>Төкпей-шашпай тасып дән<br>Машиналар асыққан.<br>Ұстаз, шәкірт жүздескен,<br>«Қош келіпсіз күз» дескен.<br>Берекелі алтын күз,<br>Ұмытпаймыз салтын біз<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.** | **Серуен №3**<br>**Қайың ағашын бақылау**<br>**(экологиялық тәрбие беру)**<br>**Мақсаты**: - Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз**<br>Сырғалы қайың, ақ қайың.<br>Сырыңды сенің жаттайын.<br>Өсе берші жайқалып,<br>Мен ерінбей баптайын.<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>Олардың жапырақтары неге сарғаяды?<br>Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?<br>Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар?<br>**Зерттеу жұмысы:** қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.<br>**Еңбек:**<br>Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау<br>**Мақсаты:** үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу.<br>**Қимылды ойын:** «Допты ұста»<br>**Мақсаты:** қағып алуға және келесіге беруге үйрету.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>**Мақсаты:** Қашықтан келген | **Серуен №4**<br>**Өрмекшіні бақылау**<br>**(экологиялық тәрбие беру)**<br>**Мақсаты**: —өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру;<br>айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз**<br>Сенде айтшы өрмекші,<br>Неше аяқ, неше қол?<br>Жауап берші өрмекші<br>Неше аяқ, неше қол?<br>Табандарым жолға тисе,<br>Зымырайды аяқтай.<br>Табандарым өрмек тоқиды<br>Қолдармен өрнек салғандай,<br>Шіркейлерді ұстағанда,<br>Аяқтарым пышақтай.<br>Егер шыбын кездессе,<br>Қағып алам ұзатпай!<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді)<br>Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? (оларға өрмек құрады.)<br>Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? (желмен, жаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде | **Серуен №5**<br>**Күн — жылу мен жарық көзі**<br>**(экологиялық тәрбие беру)**<br>**Мақсаты**:<br>күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;<br>—табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Психологиялық жаттығу:**<br>**«Күншуақ»**<br>**Мақсаты:** Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну<br>-Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.<br>Сұрақтар:<br>Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек?<br>Күн не береді?<br>Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>Адамдар күзде не істейді?<br>Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты:<br>—орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>—экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Бәйге».<br>Мақсаты:<br>Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын қалыптастыру<br>**Мақсаты:** сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру. | Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>Күзде ауа-райы қалай өзгереді?<br>Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>Адамдар күзде не істейді?<br>Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты:<br>—орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>—экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Қуып жет».<br>Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары :**Бөрене үстімен жүру<br>**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру | допты тез қағып алуға үйрету | құрады.)<br>Өрмекшілер жыртқыштар ма? (Иә, олар басқа жәндіктерді жейді)<br>**Зерттеу жұмысы**: Өрмекші торын тауып, қарау.<br>**Еңбек:** «Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқы орналастыру<br>Мақсаты: гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу<br>**Қ/О**: «Үнсіз өт»<br>Мақсаты: Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты:<br>Гимнастикалық бөрене үстімен жүру, тепе-теңдікті сақтау. | жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді.<br>Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады. Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз.<br>Сұрақтар:<br>♦Күнге бетіңді бұрғанда нені сезінесің?<br>Күнге тура қарауға бола ма, көзің ауырмай ма?<br>**Зерттеу жұмысы**: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз.<br>**Еңбек:**<br>Аланды тазалауға кішкентайларға көмектесу.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тәрбиелеу.<br>**Қ/О: «Өрт сөндірушілер жаттығуда»**<br>Мақсаты: қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Шеңберге түсір»<br>Мақсаты: нысанаға көздеуге жаттықтыру |
| **Балалардың дербес әрекеті** | *«Арқантарту».* Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіскежетеді. Екі бала тартысқандақай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.<br>**(Біртұтас тәрбие)** | *«Орамал тастамақ».* Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(Біртұтас тәрбие)** | *Ақсерек-көксерек.* Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.<br>1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақсерек Бізден сізге кім керек.<br>2-ші топ Ақсерек –ау ақсерек<br>Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек<br>Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(Біртұтас тәрбие)** | *Қуыр-қуыр қуырмаш.* Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға: ортаңғы саусағымды тапшы, – дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, - деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады.Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.<br>**(Біртұтас тәрбие)** | *«Асықойыны».* Бұл – балалардың ежелгі спорттық ойыны. Тақыр алаңға көлденеңінен түзу сызық сызады да, соны бойлай тігілген кенейді кезектесіп сақамен ату арқылы мергендік сынасады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау және т. б.)** | (Р) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау. | (Қ) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау. | Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету | «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға , «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету. | Жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут:** - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру:Кітап бұрышындағы кітаппен жұмыс:ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік беру,кітап бұрышындағы ертегі кітаптарды үйлеріне беру<br>«Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру<br>Жаднама тарату (**Біртұтас тәрбие**)<br>Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру,кеңестер беру. | | | | |